

ӘӨЖ 821.512.122 09.01

Геогр. ғылымд. канд. А.М. Сергеева *
Геогр. ғылымд. докторы Қ.Т. Сапаров **
И. Бекзатқызы **

«ЫРҒЫЗ-ТОРҒАЙ» ҚАУМАЛЫНДА СУ ТУРИЗМІН ДАМУДАҒЫ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

*ТАБИҒИ ҚАУМАЛ, КӨЛДЕР ЖҮЙЕСІ, СУ РЕСУРСТАРЫ,
ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ-ГИДРОХИМИЯЛЫҚ ТӘРТПІ, БУФЕРЛІК
ЗОНА, ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРДА (ЕҚТА),
ЭКОТУРИЗМ, ЭКОТУРИСТІК МАРШРУТТАР, ТУРИСТІК
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАР*

Ғылыми мақала «Ырғыз-Торғай» қаумалын экотуризм мақсатында тиімді пайдалану үшін әдістемелік және практикалық міндеттерді шешу мәселелері қарастырылды. Қаумалдың рекреациялық ресурстарын пайдалану жолдары, оларды топтастыру мен бағалау критерийлері әзірленді. Қаумалдың рекреациялық мүмкіншіліктерін бағалауда геомаркетингтік, ресурстық, құрылымдық-қызметтік, аумақтық әдістер қолданылды. «Ырғыз-Торғай» қаумалында экотуризмді дамытуда әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жағдайлар, аумақтың су-ресурстық әлеуетінің ерекшеліктері, рекреациялық сұраныс әсерлері талданды.

Мақалада «Ырғыз-Торғай» қаумалында су туризмін дамытудағы іс-шараларды жетілдіру жолдары сипатталған. Қаумалдың физикалық-географиялық жағдайлары, гидрографиясы, климаттық жағдайлары сипатталады. Сонымен қатар «Ырғыз-Торғай» қаумалында экотуризмді дамыту алғышарттары жөнінде сөз болады.

«Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи қаумалының Ақтөбе облысындағы Ырғыз ауданында құрылуы үлкен ғылыми маңыздылыққа ие. Аудан аумағы сулы-батпақты, сондықтан құстардың тіршілік ету ортасы мен қоректенуі, бетпақдалалық кнiктер миграциясы мен қоректену ортасына қолайлы.

«Ырғыз-Торғай» қаумалы шөлді және шөлейтті ландшафтты аймақта орналасқан. Физикалық-географиялық аудандастыру бойынша

* Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің

** Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

аймақтың басым бөлігі - Орталық Қазақстан облысына жатады, ал төменгі бөлігіне Торғай өлкесі, Батыс-Торғай округі, Ырғыз-Өлкейек және Торғай ауданы кіреді. Аймақтың оңтүстік бөлігін Арал маңы, Сырдария облысы, Солтүстік – Арал маңы, Солтүстік – Шығыс Арал маңының округі, Арал маңындағы Қарақұм ауданын алып жатыр. Шөлді және шөлейтті аймақ болғанымен, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар «Қызыл кітапқа» енгізілген жануарлар мен өсімдіктерді ерекше қорғауға алуға бағытталған мақсатты түрде, күрделі де қарқынды экологиялық жобамен жұмыс атқаруда [2].

Физикалық-географиялық жағдайы жағынан қаумалдың мынадай ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

- жер бедерінің басым бөлігінің төрткіл жұрнақ қыратты болуы;
- климаттық жағдайы қатаң, шұғыл континенттілігі;
- аумақтың шөлейт табиғат белдеуінде орналасқандығы;
- гидрографиялық желісінің жиілігі.

Атап көрсетілген анықтамалар «Ырғыз-Торғай» қаумалына тән сипаттарды, белгілерді нақтылы сипаттайды [6]. 1-кестеде «Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи қаумалының қызметтік аумағының жалпы құрылымы берілген.

1-кесте

«Ырғыз-Торғай» мемлекеттік табиғи қаумалының қызметтік аумағының жалпы құрылымы

№	Зоналардың атауы	Көлемі (га)	Үлес салмағы, %	
			Резерваттың жер көлемі	Зона көлемі
	Қаумалдың жалпы көлемі	763 549	100	-
I	Қорықтың ядро зонасы	473 170	61,9	100
1	Ихтиофауна мен орнитофауна қорғау аймақшасы	30 820	4,0	6,5
2	Сулы-батпақты жерлерді қорғау аймақшасы	21 630	2,8	4,6
3	Қоқиқазды қорғау аймақшасы	99 580	13,0	21,0
4	Ақбөкенді қорғау аймақшасы	321 140	42,1	67,9
II	Буферлік зона	148 880	19,5	100
III	Бүлінген ландшафтты қайта қалпына келтіру зонасы	33 915	4,4	100
IV	Тұрақты дамыту зонасы	107 584	14,1	100
V	Қорықша	296 000		
	Барлығы	1 059 549		

«Ырғыз-Торғай» қаумалы Торғай иілімінде орналасқан. Аралдық төрткіл жұрнақ қыраттары бар «төрткіл» сияқты толқынды жазықтар басым. Абсолютті биіктігі 100...300 м [7]. Тұрақты су арналары: Ырғыз, Торғай, Өлкейек, Ұлы Жыланшық, Ақкөл, Сарықопа көлдері, Торғай өзенінің төменгі ағысындағы көлдер тобы – жыл құстарының ұшатын аймағы болып саналады. Гидрологиялық торы даму климаттық жағдайлар және аумақтың беткі құрылымыменен тығыз байланысты болады. Мұғалжар тауынан құлайтын Ырғыздың оң жағы барынша тармақталған. Ырғыздың сол жақ тармағы жоқ. Ырғыз ауданы аумағынан Ырғыз елді мекеніне дейін өзенге 5 ағынды су құйылады. Олардың ішіндегі ең бастысы - Талдық және Шет-Ырғыз өзендері. Осы аймақта өзеннің ені 15...20 м-ге жетіп суы мол болады. Ырғыз өзені қар суларымен қоректенеді. Яғни, көктемгі су ағынының 80...90 % көлемін құрайды. Өзеннің жылдық ағын бөлігі көктемде қар еру кезеңінде өтеді [8].

Ырғыз-Торғай көлдер жүйесі гидрологиялық-гидрохимиялық тәртіпте ауытқып отырады. Өзендердің ауданы, мөлшері және тереңдігі толығы дәрежесіне байланысты 100...7400 га аралығында ауытқиды. Ырғыз-Торғай көлдер жүйесіндегі балық шаруашылығына қолайлы көлдерге Байтақкөл, Қармақкөл, Үлкен және Кіші Жаркөл, Асаубайкөл, Тайпақкөл, Малайдар, Алакөл, Алабұғакөл, Үлкен және Кіші Жаланащкөл, Бөгенкөл, Құтикөл, Бақшақкөл жатады.

«Ырғыз-Торғай» қаумалының су ресурстарын жер үсті және жер асты сулары құрайды (сурет). Өзендер жүйесі және көл тоғандары Орал-Мұғалжар таулары маңайының негізгі бойлық бағыттағы суайрықтарының орналасуына, сонымен қатар құрғақ ауа райына тәуелді. «Ырғыз-Торғай» қаумалының су жүйесі Торғай су жинайтын алаптың төменгі жағына және Шалқар – Теңіз ойпатына, ал оңтүстігі – Аралға іргелес тұрған жазыққа қарайды. Көлдердің көпшілігі (77 %) ауданы (көлем) жағынан шағын, яғни 0,01-ден 1 км²-қа жетеді. Аумақтағы барлық көлдердің негізгі ерекшелігі - ағынсыз болып келуі, сондай-ақ жаз соңында сулары саязданып, толықтай кеуіп қалады. Тартылмайтын көлдерге бар болғаны ондаған грунт суларымен қоректенетін көлдер, ал ағынды көлдерге – Торғай және Ырғыз өзендері жайылмасындағы кейбір көлдер жатады. Көлдердің көпшілігі Ырғыз-Өлкейек өзен аралығында, сондай-ақ Торғай және Ырғыз өзендері аңғарларында шоғырланған. Өзен аңғарлары маңындағы көлдер тереңдігі 3...12 м-ге дейін барады.

Торғай және Ырғыз өзені жайылмасындағы көптеген көлдер көктемде өзара (өзен салалары) бірігеді де суының маусымдық өзгерісі байқалады. Ырғыз өзені алабының жоғарғы бөлігінде суы аз, ұсақ көлдер

«Ырғыз-Торғай» қаумалы бүгінде Ақтөбе облысындағы экотуризмді дамытуға қолайлы аумақ. Қазіргі кезде мұнда экотуристік маршруттар жобалануда. Осы мақсатта «Эпоха», «Зере тур» туристік фирмалары жұмыс жасайды. «Ырғыз-Торғай» қаумалындағы маршруттардың көбісі атты және жаяу, қайықпен деп жобаланған. «Ырғыз-Торғай» қаумалының буферлік зоналарында экотуризмді дамытуға арналған мынадай мүмкіндіктер бар. Олар [4]:

1) Экотуристік ресурстардың болуы. «Ырғыз-Торғай» қаумалындағы ресурстарға: қолайлы географиялық орны, қолайлы табиғат жағдайлары (климат, жыл мезгілдері) мен жақын маңайда елді-мекендерді және де қаумалдағы туристік құндылықтарды жатқызамыз. Елді-мекендердің бар болуы. Жақын маңайдағы елді-мекендерге Нұра (500 адам) және Жайсаңбай (300 адам) ауылдары жатады. Халықтың ұлттық құрылымы негізінен қазақтар (99 %). Телефон мен ғаламтор байланысы тек Ырғыз селосында ғана бар. Жолдар негізінен асфальттанбаған, жөндеу жұмыстарын қажет етеді;

2) Туристік инфрақұрылым мен қызмет көрсету. Туристерге жету қолайлылығы. Ең жақын қала – Шалқар. Орналастыру қызметтері қаумалда ғана қарастырылған. Тамақтандыру қызметі шектеулі. Қазіргі күнде ауылда мейманханалар аз. Ауыл инфрақұрылымы айтарлықтай дамымаған. Ауыл ішінде асфальттанған жол болмаса да, ауылға жету жолдары жартылай асфальттанған. Ауылда су мен электр жүйесі қамтылған;

3) Нарық пен маркетинг. Жергілікті және халықаралық нарық үлкен әлеуетке ие. Ішкі туристерді Ақтөбе облысы және республика аумағынан іскерлік мақсатта келетін туристер құрайды. Шетел туристерін қызықтыру мақсатында көптеген қызықтыратын орындар мен қызметтер жасауды қажет етеді.

Маркетингке арналған құрылымдар. Жинақталған ақпарат нәтижесінде және зерттеулер қорытындысы бойынша «Ырғыз-Торғай» қаумалында экотуризмді дамыту бойынша күшті және осал жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптікті көрсететін талдаулар жасалынды (2-кесте).

Осының бәрі туристік нарыққа келесідей әсер етуі мүмкін:

1) төменгі сападағы тауарларды жеткізу арқылы жанадан алған имиджді жоғалту;

2) «Ырғыз-Торғай» қаумалында экотуризмді дамытудағы стратегиялар мен іс-әрекеттердің жоспарын құру.

«Ырғыз-Торғай» қаумалы және оның аумағында экотуризмді дамыту үшін координаттау және кешендендіру бойынша жұмыс істеу

қажет. Бұл туризмнің дамуына кері әсері мен инвестицияны дұрыс салмау жолдарынан сақтайды. Осы мақсатта мекен туралы толық ақпараттар және оларды талқылау үшін тұрғылықты қызығушылық танытқан адамдармен бірнеше кездесулер өткізу қажеттігі туындайды. Берілген стратегия мен іс-әрекеттер арнайы кездесулердің, семинарлардың күшті және осал жақтарды, мүмкіндіктері мен қауіптілікті көрсететін талдаулармен және де нарықтағы тауарларына баға беру нәтижесінде жасалды.

Кесте 2

«Бірғыз-Торғай» қаумалында экотуризмді дамытуда күшті және осал жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптіктері

<i>Жағымды жақтары</i>	<i>Осал жақтары</i>
1) алуан түрлі және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер дүниесі бар ерекше табиғи аумақтар; 2) тартымды әрі алуан түрлі ұсақ көлдер тізбегі; 3) көктемгі-жазғы маусымдағы қолайлы климаттық жағдайлар; 4) тыныш әрі тұрақты ауылдық елді мекен атмосферасы (аз көлік, халық қоныстануының төменгі тығыздығы); 5) қонақ жайлылығы.	1) қаумал маңындағы елді мекендерде туристік қызметтің жоқ болуы; 2) жергілікті аумақта бәсекелестіктің болмауы; 3) тамақтану орындарының нашар дамуы; 4) ауыл сыртында туристер үшін жағдайдың жақсы дамымауы (дәретханалар, пикник орындары, т.б.); 5) шағын бизнесті дамытудағы несие алу жолдарының жетіспеуі; 6) шетел тілдерін аз меңгерушілер (орыс тілінен басқа) бірінші жедел көмек көрсету кезіндегі медициналық қызмет сапасының төмендігі.
<i>Мүмкіншіліктер</i>	<i>Қауіптілік</i>
1) туризмнің әр түрлерін біріктіретін турпакеттерді дайындау; 2) бірлестік туризм топтарын дамыту; 3) халық қолөнері мен сувенирлерді дайындау және оларды сату мүмкіндіктерінің болуы; 4) турларды жақсарту мен дамыту (автомобильді, атты, жаяу, велосипедті, т.б.); 5) жету қолайлығын жақсарту (жолдарды қалпына келтіру, көлік жұмысының жақсаруы).	1) туристердің көптеп келуі мұндағы туристік тауардың ерекшелігіне зиян келтірілуі мүмкін және қосымша кедергілер тудырады; 2) туристерден түсетін табыстың бақылаусыз дамуы; 3) әлеуметтік мүмкіндіктер мен экологиялық әлеуеттің шексіз қолдануы нәтижесінде, туристік қызығушылықтың азаюы.

Туристік тауарлар мен инфрақұрылым. Тұрғылықты аймаққа жеке немесе қоғамдық көлікпен жетуге болады (автомобиль жолы, автокөлік). Дамыған жол торабы бар. Бірақ қаумалға кіру біршама қиын. Қаумалдың кейбір телімдеріне кіру рұқсаты қаумал әкімшіліктеріне ақы төлеу арқылы беріледі.

Қызығушылығы мол орындар мен, табиғи-тарихи құндылықтар. Туристерді қызықтыратын аумақ Жаманшың метеоритінің орны, онда көптеген табиғи және тарихи нысандар бар, яғни тастар, өзендер, көлдер және шатқалдар кездеседі.

Туристік маршруттар мен турлар. Қаумал қарамағында экотуризм бойынша көп маршруттар жасалмаған. Жоспарланған маршруттар дамыту мен таратылуды керек етеді. Осыған байланысты келесідей іс-шаралар ұсынылады:

- 1) ұсынылған маршруттың толық есебі;
- 2) жасалған және өнделетін маршруттар үшін қажет ресурстарды есептеу;
- 3) әрбір маршруттың сипаттамасы;
- 4) туристік маршруттардың басылымнан шығуы;
- 5) жеке келушілер мен тuroператорларға маршрут жарнамасы.

Жергілікті мәдениет. Аудан аумағында мәдени мұралар мен халық салт-дәстүрлері сақталған. «Ырғыз-Торғай» қаумалы – көптеген туристер үшін қызықты әрі тың және де тuroператорлар мұнда белсенді жұмыстарды атқарады. Мұнда туристерге жергілікті мәдениетті көрсету формалары қарастырылған. Туристік қызмет көрсету бойынша мамандырылған сектор туризм дамытудағы алғышарт. Бірлестікке негізделген туристік топты Ырғызда дамытуға болады және де қызметтің бар түрін туристерге осы елді мекенде ұсына алады. Ал Нұра елді мекенінде қандай да бір қызмет түрін ұсынуға мүмкіндіктері жоқ.

Орналастыру секторы бойынша Нұра елді мекенінде жұмыстар атқарылу керек. Қаумал аумағында орналасуға болмайды, себебі күзетілетін аумақта түнде ұйықтауға болмайды. Қаумалда қону тек арнайы орындарда, яғни Нұра мен Жайсаңбай елді мекендерінде ғана болады. Осыған байланысты келесідей іс-шаралар ұсынылады [5]:

- 1) Ырғызда орналастыратын бар орындарды есепке алу;
- 2) Қажеттіліктерге байланысты Ырғызда орналастыратын бар орындардың жағдайын жақсарту;
- 3) Қаумалда орналасу жағдайы және тағы басқалар.

Тамақтандыру қызметі бойынша ұсыныстар. «Ырғыз-Торғай» қаумалында тамақтандыру тек қана орналастыру қаражаты бойынша ұсынылады. Нұрада мұндай қызмет түрі ұсынылмайды. Қонақ үйлерінде

тамақтану үлкен топтар бойынша қиыншылықтар пайда болады. Осыған байланысты келесідей іс-шаралар ұсынылады [3]:

1) Кафелерді дамыту. Нұрада кем дегенде бір оқытылған персоналдар үлкен туристік топты тамақпен қамту пункті болу керек (15...20 адамдар үшін);

2) Әр түрлі туристерге тамақтану қызметін көрсету үшін олардың талап-тілектерін білу қажет;

3) Жергілікті азық-түліктерді ұсыну жолдары. Жергілікті экономиканы дамыту үшін, жергілікті және экологиялық таза азық-түліктерді көбірек пайдалану (мысалға, сүт, май, жаңа піскен нан, ет және тағы басқалар).

Гид-нұсқаушылар қызметі. Жаяу және ат, қайық маршруттарын ұсынуға болады. Туризмді бірлестіру тобында мемлекеттік лицензиясы бар, дайындалған 3 гид-нұсқаушыларынан құрылған. Осыған байланысты келесідей іс-шаралар ұсынылады:

1) Тәжірбиелі гид-нұсқаушыларды таңдау жұмыс тәжірбиесі болуы мен аумақты білу негізінен жүргізіледі;

2) Гид-нұсқаушыларына тренингті жүргізу.

Атпен қызмет көрсету турлары. Ырғызда белгілі ақы үшін атты жалға алуға болады, осыған байланысты келесі іс-шаралар ұсынылады: Нұрада аттарды баптау және өсіру.

Автомобильдерді ұсыну қызметі. Қаумал әкімшілігінен Ырғызда автомобильдерді жалға алуды ұйымдастыруға болады, осы машиналардың жақсы қалпында сақталуын талап ету қажет. Осыған байланысты келесідей іс-шаралар ұсынылады:

1) Елді мекенде машиналардың есебі мен оларды қалпына қайта келтіру;

2) Елді мекенде машиналарды ұйымдастыру;

3) Елді мекенде жүргізушілерді таңдау.

Тренингтер және мүмкіншіліктерді күшейту. Тренингтер және мүмкіншіліктерді күшейту қолданыстағы қызмет түрлерін жергілікті стандарттар бойынша көтеру үшін қажет. Туризмді бірлестіру топ қызметін құру кезінде осы тренингті жүргізген жөн.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туризмді дамыту үшін қажетті құқықтық реттеулер. *«Ырғыз-Торғай» қаумалында болуы экотуристерді қызықтыру үшін маңызды басты шарт болып саналады. Осыған байланысты келесідей іс-шаралар ұсынылады:*

1) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ЕҚТА) туризмді дамыту үшін тұрақты стандарттарды енгізу. Өздеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару үшін стандарттарды талап етеді;

2) Экотуризмнің дамуы бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтар анық көрсетілуі керек. Бұл туристерге не рұқсат етілетіні туралы, соның ішінде неге тыйым салынатыны туралы ақпаратты қамтамасыз етеді;

3) ЕҚТА-ға келушілердің кіруі мен төлем ақы жүйесі. Төлем ақы жүйесі таза болу үшін келушілерге төлем ақына түсіндіретін жүйесі бар ақпаратты тарату қажет;

4) ЕҚТА-дың қызметкерлері үшін тұрақты туризмнің дамуы бойынша тренингтер өткізу. «Ырғыз-Торғай» қаумалында туризмнің дамуы үшін тренинг және мүмкіншіліктерді күшейту менеджерлер мен ерекше қорғалатын табиғи территориялардың қызметкерлері үшін маңызды. Осыған байланысты келесі іс-шара ұсынылады: ЕҚТА-дың менеджерлері үшін семинарлар жүргізіп отыру.

Ақпараттық қызмет түрлері. Барлық туристерді барынша ақпараттармен қамтамасыз еткен маңызды. Ақпарат ерекше қорғалатын табиғи территорияларға (өзін-өзі ұстау кодексі), көрсетілетін қызметтерге (орналастыру жерлері, атты жаға алу) және экотуризм маршруты бойынша жерлерге (картаны қосқанда) қажет.

Ақпарат және маркетинг. «Ырғыз-Торғай» қаумалында экотуризм мүмкіндіктер туралы мақсаттылық нарық нашар ақпараттандырылған. Жеке туристер мен туроператорлар үшін жана дайындалған ақпараттар жоқ. Экотуризм бойынша туристік тауарды дайындаушылар, қорық басшылары немесе жергілікті биліктің нарық үшін өзіндік стратегияларды құруына және жарнама материалдарын дайындауына жол бермеу керек.

Нарықты талқылаумен келушілердің бағасы. «Ырғыз-Торғай» қаумалы аумағында экотуризм нарығы бойынша бүгінгі кезде нақты ақпарат жоқ. Қолданыстағы деректер толық және нақты емес. Тиімді тур азық-түлігі мен маркетинг стратегиясын дамыту үшін қолдағы ақпараттар сәйкес болу керек. Сондықтан, Ырғыз аумағының нарығы бойынша нақты қолданыстағы ережелердің болуы маңызды. Осыған байланысты мынадай іс-шаралар ұсынылады: келушілерді тіркеу және келушілерден сұрақ-жауап алу.

Жарнама материалдарын дайындау. Шығарылған анық жарнама және ақпарат материалдары үлкен игіліктерге ие. Тәртіп және нормалар бойынша ақпараттар туристерге осы қаумал туралы толық мәліметтерді алуға негізделген. *Осыған байланысты келесідей іс-шаралар ұсынылады:*

- 1) жалпы брошюра;
- 2) ғаламтор арқылы жарнама;
- 3) жергілікті нарық маркетингі.

Туроператорларымен қызметтесу. Турлар мен экскурсия жергілікті тауарларды туристер үшін тиімді және қызықтырып, жаңа мақсатты топ құру әрекетін жасау үшін құрылған. «Бірғыз-Торғай» қаумалы аумағына туроператоры туристер үшін кепілдемелік жол болып саналады. Осыған байланысты келесідей іс-шаралар ұсынылады:

- 1) «Бірғыз-Торғай» қаумалы аумағы бойынша туропакеттарын дайындау;
- 2) Туроператорларға ақпарат;
- 3) Таныстыру сапарлары.

«Бірғыз-Торғай» қаумалына келуші туристерде көрсетілетін қызметтер мен аймақ құндылықтары туралы ақпаратты бағалау мүмкіншіліктері болу керек.

Бағдарлама координациясы мен қаржыландыру. Осы бағдарлама нақты мақсаттар мен жауапкершіліктердің бөлінуін қажет етеді. Бағдарлама экотуризмнің дамуында қызығушылығы бар әртүрлі жергілікті бірлестіктер, қорық басшыларының іс – әрекеттерін анықтайды.

Қазақстанның басқа облыстарына қарағанда Ақтөбе облысының мемлекет тарапынан қорғалатын нысандары мен аумақтары жөнінен саны аз. Облыстың табиғи жағдайларының ерекшелігі және жоғары шаруашылық игеру қазіргі жағдайларына және антропогендік бұзылу дәрежесіне қарамастан түрлі табиғи кешендер мен нысандарды ЕҚТА жүйесіне қосу қажеттігін белгіледі.

Ақтөбе облысындағы табиғи әлеуетті пайдаланудың қазіргі жағдайларында өңірдегі экологиялық тепе-теңдікті қолдау және табиғатты пайдалану тәртібін реттеу үшін облыстық деңгейде ерекше қорғалынатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру есебінен ЕҚТА желісін құру ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дроздов А.В. Основы экологического туризма: Учебное пособие. – М.: Гардарки, 2005. – 271 с.
2. Естественнонаучное и технико-экономическое обоснования создания Иргизско-Тургайского государственного национального природного парка. Пояснительная записка. //Исп. Назарчук М.К., Назарчук Л.Н., Антонюк О.И., Николаева М.В., Красков А.Н. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2005. – 144 с.
3. Ким А.Г. Рекреационная оценка территории и развитие туристско-рекреационного хозяйства в Казахстане. – Алматы: «Рауан», 1997. – 205 с.
4. Назарчук М.К. Перспективы развития экологического туризма в Казахстане. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2001. – 80 с.

5. Назарчук М.К., Сергеева А.М., Абдулина А.Ф. Ақтөбе облысының географиясы. – Ақтөбе: 2012. – 318 б.
6. Сергеева А.М., Қыдыршаева Э.А., Баспақова Э.Ф. Торғай-Ырғыз қорықшасы биоресурстарының қазіргі экологиялық мәселелері // Қазіргі кезеңдегі экология және экологиялық білім беру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтөбе: 2008. – Б. 648-651.
7. Схема размещения и развития особо охраняемых природных территорий Актюбинской области (1 этап). /Пояснительная записка. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2006. – 173 с.
8. Схема размещения и развития особо охраняемых природных территорий Актюбинской области (2 этап). / Пояснительная записка. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2007. – 80 с.

Поступила 26.11.2015

Канд. геогр. наук
Доктор геогр. наук

А.М. Сергеева
К.Т. Сапаров
И. Бекзатқызы

ОРГАНИЗАЦИЯ МЕРОПРИЯТИИ ПО РАЗВИТИЮ ВОДНОГО ТУРИЗМА В «ИРГИЗ-ТУРГАЙСКОМ» РЕЗЕРВАТЕ

*ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ, СИСТЕМА ОЗЕР, БУФЕРНАЯ ЗОНА,
ЭКОТУРИЗМ, ЭКОТУРИСТСКИЕ МАРШРУТЫ, ТУРИСТСКАЯ
ИНФРАСТРУКТУРА*

Статья посвящена решению методических и практических задач по исследованию «Иргиз-Тургайского» резервата и обоснованию направлений его оптимизации. Разработаны критерии типологии и оценки уровня сбалансированности развития рекреационного водопользования. На основе сочетания геомаркетингового, ресурсного, структурно-функционального и территориально-ситуационного подходов определены размеры регионального рекреационного водопользования в резервате в целях оптимизации. Изучено влияние рекреационного спроса, особенностей структуры и качества водно-ресурсного потенциала и его территориальной дифференциации, социально-экономических и экологических условий для развития экотуризма в «Иргиз-Тургайском» резервате.